

**ПОЛИАНИОНДЫ ЦЕЛЛЮЛОЗА НЕГІЗІНДЕГІ ЖОҒАРЫ САПАЛЫ ПОЛИМЕР****СИПАТТАМАСЫ**

DRISPAC® полимері полианионды целлюлоза негізіндегі жоғары сапалы полимер болып табылады. Олар ингибиторлау, су берілуін төмендету және сулы негіздегі бұрғылау ерітінділерінің тұтқырлығын арттыру үшін қолданылады. Әр түрлі тұтқырлықтағы DRISPAC® полимерінің екі түрі ұсынылады: стандартты полимер (тұтқырлығы жоғары) және Superlo® полимері (орташа тұтқырлықты). DRISPAC®Plus араласу деңгейі төмен болған жағдайда да беттік ақаулар (шұңғылшалар мен кебу) пайда болуына кедергі жасайды. Жоғары дисперстік DRISPAC® Plus полимері екі түрде ұсынылады: стандартты полимер (тұтқырлығы жоғары) және Superlo® полимері (орташа тұтқырлықты).

**ҚОЛДАНЫЛУЫ**

DRISPAC® шаю сұйықтықтарында және қабат ашуға арналған бұрғылау ерітінділерінде, ұңғымаларды жер асты жөндеуге арналған сұйықтықтарда және кез келген дәрежеде минералданған ұңғымаларды аяқтауға арналған ерітінділерде қолданылады. DRISPAC® кальций мөлшері 500 промилледен кем ерітіндіде барынша тиімді әсер етеді. Кальций мөлшері жоғары болған жағдайда көп мөлшерде полимер қажет болады.

**АРТЫҚШЫЛЫҚТАР**

- ✓ Ерітінділерде су берілу деңгейін реттейді
- ✓ Сынғыш гельдердің түзілуіне жағдай жасайды
- ✓ Гидратталатын тақта тастардың ісінуін болдырмайды
- ✓ Сазды бұрғылау ерітіндісінің ластануға тұрақтылығын арттырады
- ✓ Ашымайды, консерванттар қолдануды қажет етпейді
- ✓ Жоғары жылулық тұрақтылығы
- ✓ Жұқа, иілшіг, қатты саз қабығын жасайды
- ✓ Экологиялық қауіпсіз
- ✓ Бұрғыланған жыныстың шөгуін баяулатады
- ✓ Бұрғылау ерітіндісінің қабыршақтануын, кебуін болдырмайды
- ✓ Үйкелісті азайтады және айналым кезіндегі бұрғылау ерітіндісінің эквивалентті тығыздығын төмендетеді
- ✓ Қоспа дайындауға арналған бұрғылау қондырғыларында қолдану кезіндегі үздік көрсеткіштер
- ✓ Кезкелген минералдану дәрежесі кезіндегі жақсы көрсеткіштер

**ҰСЫНЫЛАТЫН ҚОЛДАНУЫ:**

Бұрғылау ерітінділерінде су берілуін болдырмау	0,1 – 3,0 фунт/баррель (0,3 – 9,0 кг/м <sup>3</sup> )
Ингибиторлау / инкапсуляция	0,75 – 3,0 фунт/баррель (2,0 – 9,0 кг/м <sup>3</sup> )
Сазды қабық жетілуі	0,5 – 3,0 фунт/баррель (2,0 – 9,0 кг/м <sup>3</sup> )
Реологиялық қасиеттердің жетілуі және тұрақтануы	0,5 – 1,0 фунт/баррель (2,0 – 3,0 кг/м <sup>3</sup> )
Ұңғымада құбыр ілінуінің азаюы	0,5 – 0,75 фунт/баррель (1,0 – 2,0 кг/м <sup>3</sup> )
Ұңғыма оқпандарын шаюдың жақсартылуы	0,5 – 3,0 фунт/баррель (2,0 – 9,0 кг/м <sup>3</sup> )

**ҚАПТАМА**

DRISPAC® және DRISPAC® Plus салмағы 50 фунт (22,7 кг) көп қабатты қағаз қаптармен жеткізіледі.